



Қош келдіңіздер!



Ой қозғау

Ана тілім-күшім менің, қуатым,
Жырым сендік жүрегімнен туатын.

Тауысар ма ырысыңды, қорыңды,
Тізерлесіп қатар жазса мың ақын?!





Үй тапсырмасы

Жамбыл Жаббаев





I топ

Қиысу


II топ

Матасу


III топ

Меңгеру





Ата салтым – асыл мұрам, ардағым,
Бабалардың жалғастырар арманын.





Даналық ой

<<Өлеңі не күлдірмесе, не жылатпаса- өлең емес, нәрсіз сөз – зілсіз оқ есепті>> дейтін еді Жамбыл.

Сол сипаттың бәрі де Жамбылдың өзінде бар еді.



Мағжан- мәдениеті зор ақын.
Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз- Мағжанның сөзі деп білемін






Желтоқсанның алтысы

Сынып жұмысы

Мағжан Жұмабаев өмірі мен шығармалары

<< Сүйемін >> өлеңі



Білгенге маржан



Шығармалары

Өлеңдері

<<Алтын хакім Абайға>>

<<Жазғы таң>>

<<Қазағым>>

<<Мен кім?>>

<<Мен жастарға сенемін>>

<<Сағындым>>

<<Сүйемін>>

Поэмалары


<<Батыр баян>>

<<Қорқыт>>

<<Толғау>>

<<Жүсіп хан>>

<<Түркістан>>




Сүйемін

Күлдей күңгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар,
Көз дегенің – сұп-сұр көр.
Тасбиық санап бүгіліп,
Жерге қарап үңіліп,
Көрсе ауыр күрсінер,
Менің бір қарт анам бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол анамды сүйемін!

Көзінде көк нұры жоқ,
Аузында жұмақ жыры жоқ,
Жалынсыз, усыз құшағы,
Иірілмейді жыландай,
Сөзі де жоқ құрандай,
Білгені - қазан ошағы.
Жабайы ғана жарым бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол жарымды сүйемін!

Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген,
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін!

Сағымы сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады,
Қыс-ақ кебін, жаз – сары.
Орманы жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы.
Сарыарқа деген жерім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол арқамды сүйемін!



Білген сайын келеді біле бергім



<i>Теңеу</i>	<i>Эпитет</i>
Күлдей	Күңгірт
Жыландай	Сұп-сұр көр
Құрандай	Жабайы жар
	Ұйқы басқан қабағын
	Ақ кебін
	Мәңгі өлік

- Тасбиық-адамдардың сыйынуы үшін қолданылатын моншақ тізбектер.
- Кебін-өмірден өткен адамды орайтын ақ матадан тігілген киім.



Еркін айту

Тірек сөздер


Мақал- мәтелдер

Ата-ана


Сүйген жар

Туған ел

Туған жер



Ақынның сөзімен, бүгіннің көзімен.







Нұрлы жол – болашаққа бастар жол





Үйге тапсырма

Мағжан Жұмабаевтың өмірі, шығармалары
« Сүйемін » өлеңін жаттау.

Оқушыларды бағалау



Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!

